

Тамаққа биологиялық активті қоспалардың айналымының ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2007 жылғы 19 қарашадағы № 683 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 3 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5026 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 22 сәуірдегі № 206 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 22.04.2014 № 206 бұйрығымен.

Қолдануышылардың назарына!!!

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

"Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңының 6-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРДАСТАРЫН**:

1. Қоса беріліп отырған Тамаққа биологиялық активті қоспалардың айналымының ережесін бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ұйымдастыру-құқықтық қамтамасыз ету департаменті (Ж.М. Мұхамеджанов):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін оны ресми жариялауға жіберсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау вице-министрі Қ.Т. Омаровқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Министр

Қазақстан

Республикасы

Денсаулық

сақтау

министрінің

2007

жылғы

19

қарашадағы N 683

бұйрығымен бекітілген

Тамаққа биологиялық активті қоспалардың айналымының ережесі 1.

Жалпы ережелер

1. Осы Тамаққа биологиялық активті қоспалар айналымының ережесі "Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес өзірленген және Қазақстан Республикасының аумағында тамаққа биологиялық активті қоспалар айналымының тәртібін реттейді.

2. Қазақстан Республикасының аумағында айналымдағы тамаққа биологиялық активті қоспалар санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға жауап беруге тиіс.

3. Қызметі тамаққа биологиялық активті қоспалардың айналымына байланысты жеке және занды тұлғалар сатып алушыларға (тұтынушыларға) және мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарына тамаққа биологиялық активті қоспалар туралы толық әрі нақты ақпарат беруге тиіс.

2. Тамаққа биологиялық активті қоспалар айналымының тәртібі

4. Тамаққа биологиялық активті қоспалар "Балалар тағамы өнімдерін, тағамдық және тамаққа биологиялық активті қоспаларды (нутрицевтистерді), генетикалық модификацияланған көздерді, бояғыштарды, сумен және тамақ өнімдерімен араласатын материалдар мен бұйымдарды және тамақ өнімдерін, химиялық заттарды, адам денсаулығына зиянды әсер ететін өнімдер мен заттардың жекелеген түрлерін мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және мемлекеттік тіркеу туралы шешімді кері қайтару ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2007 жылғы 27 ақпандағы N 142 бұйрығымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 5 сәуірде N 4603 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінде жарияланған, 2007 жылғы маусым, N 6, 264-құжат) белгіленген тәртіппен оларды мемлекеттік тіркегеннен кейін Қазақстан Республикасының аумағында айналымға жіберіледі. Қараныз V095858

5. Тамаққа биологиялық активті қоспалар диеталық өнімдерді сататын арнайы дүкендер, азық-тұлік дүкендер мен дәріханалар арқылы өткізіледі.

6. Тамаққа биологиялық активті қоспаларды саудада сату тек тұтыну орамында ғана жүзеге асырылады.

7. Тамаққа биологиялық активті қоспалардың айналымы тұтыну тарасында, тамаққа биологиялық активті қоспалардың тұтыну тарасының әрбір бірлігіне қоса берілетін заттаңбасында, қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда немесе ұсынымдарда мемлекеттік және орыс тілдеріндегі тұтынушыға арналған қажетті ақпарат болғанда жүзеге асырылады, оларда мыналар қамтылады:

1) өнімнің атауы, шығару нысаны;

2) шығарушиның тауарлық белгісі (болғанда);

3) олардың құрамына кіретін компоненттердің, тағамдық құндылықтардың (энергетикалық құндылығы, физиологиялық тәуліктік қажеттілікке шаққандағы процентті көрсете отырып, белоктардың, майлардың, көміртегілердің, витаминдер мен микроэлементтердің болуы, амин қышқылдарының құрамы, биологиялық активті заттардың болуы) нақты мөлшерін (грамм, миллиграмм, миллилитр, проценттік арасалмағы) көрсете отырып, ингредиенттік құрамы туралы мәліметтер;

4) тамаққа биологиялық активті қоспалардың қасиеттері туралы мәліметтер;

5) талаптарына тамаққа биологиялық активті қоспалар сәйкес келуге тиіс нормативтік құжаттың атауы;

6) шығарушиның, бөлшектеп салушының және ораушының (егер шығаруши ораушы да, бөлшектеп салушы да болса) атауы (фирмалық атауы), орналасқан жері (занды мекенжайы);

7) оралған бірліктердің (салмағы немесе көлемі) номиналдық саны, дозаларының мөлшері мен олардың номиналдық саны (салмағының немесе көлемінің);

8) партиясының нөмірі, шығарылған күні, жарамдылық мерзімі, сақтау шарттары;

9) тамаққа биологиялық активті қоспаның дәрі еместігін көрсету;

10) нөмірі мен күнін көрсете отырып, тамаққа қойылатын биологиялық активті қоспаны мемлекеттік тіркеу туралы ақпарат;

11) аурулардың жекелеген түрлерінде қолдану үшін қарсы айғақтары туралы мәліметтер.

8. Тамаққа биологиялық активті қоспаларды мынадай жағдайларда өткізуге болмайды:

1) мемлекеттік тіркеуден өтпегендे;

2) сапасы мен қауіпсіздігі туралы куәландырмағанда;

3) жарамдылық мерзімі өтіп кеткенде;

4) тиесілі өткізу жағдайлары болмағанда;

5) заттаңбасыз, сондай-ақ заттаңбасындағы ақпарат мемлекеттік тіркеу кезінде келісілгенге сәйкес келмегендеге;

6) заттаңбасында қолданыстағы заннаманың талаптарына сәйкес жазылған ақпарат болмағанда.

9. Тамаққа биологиялық активті заттарды сақтаумен айналысатын ұйымдар ассортиментке байланысты мыналармен жарақтандырылуы тиіс:

1) сөрелермен, шкафтармен;

2) қызыу әсер ететін тамаққа биологиялық активті қоспаларды сақтауға арналған тоқазытқыш камералармен (шкафтармен);

3) ауа параметрлерін тіркеу аспаптарымен (термометрлер, психрометрлер, гигрометрлер).

10. Тамаққа биологиялық активті қоспалар температура, ылғалдылық және жарықтандыру режимдері сақтала отырып, тамаққа биологиялық активті қоспаларды өндіруші кәсіпорын көрсеткен жағдайда олардың физикалық-химиялық қасиеттері есепке алынып сақталуға тиіс.

11. Тамаққа биологиялық активті қоспаларды тасымалдау үшін пайдаланылатын көлік құралдарының "Көлік құралының санитарлық паспортын беру, есепке алу және толтыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндеттін атқарушының 2004 жылғы 20 сәуірдегі N 349 бүйріғымен белгіленген тәртіппен берілген санитарлық паспорты болуға тиіс (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 11 мамырда N 2840 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілерінде жарияланған, 2004 ж., N 21-24, 937-құжат).

12. Тасымалдау жағдайлары (температурасы, ылғалдылығы) тамаққа биологиялық активті қоспалардың әрбір түріне нормативтік-техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес келуі тиіс. Қызу әсер ететін тамаққа биологиялық активті қоспаларды тасымалдау арнайы салқындастылған немесе изотермиялық көлікпен жүзеге асырылады.

13. Тамаққа биологиялық активті қоспаларды буып-тую үшін пайдаланылатын орау материалдары Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдардан дайындалуы тиіс.

14. Оралған тамаққа биологиялық активті қоспалар оларды атмосфералық жауын-шашыннан, шаңнан, күн сәулесінен және механикалық зақымдалудан қорғауга тиіс тарада тасымалдануға және сақталуға тиіс.

3. Өтпелі ереже

15. Айналымдағы тамаққа биологиялық активті қоспалар осы Ереже күшіне енгенге дейін олардың жарамдылық мерзімдері өтпей тұрып белгіленген тәртіппен өткізуге жатады.